

А. Эбжанова, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 2-бағам тыңдаушысы

Ғылыми жетекші: Қ. С. Мұқыш, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы

АРИСТОТЕЛЬ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ ПӘНІ

Аристотель (грекше: Ἀριστοτέλης Aristotélēs) (б.з.д. 384 — б.з.д. 322 жылдар) — грек пәлсапашысы, Платонның шекірті, Ұлы Александрдың ұстазы. Ол түрлі-түрлі тақырыптарға зерттеулер жазған, соның ішінде физика, метафизика, ақындық өнер, театр, музика, логика, шешендік өнері, саясат, үкімет, этика, биология және зоология.

Аристотель Фракиядағы Стагур қаласында туған. Афины қаласында оқып білім жетілдіреді. Он жеті жасында Платон академиясына түсіп, Платон қайтыс болғанға дейін (20 жыл бойы) сонда ғылыммен шұғылданады. Б.з.б. 343 жыл Македония патшасы - Филипп Аристотельдің баласы Александрдың ұстазы болуға шакырады. Александр патша болғаннан кейін Аристотель алдымен Стагирға, одан 335 жыл- Афиныға оралады.

Аристотель философиясында болмыс туралы ілімге, табигатқа, яғни барлық заттардың негізі болып табылатын алғашқы материяға көп көңіл бөлінген. "Метафизикада" Аристотель табигатты жан-жақты зерттеумен шұғылданады. Табигат — бір жағынан заттың пайда болуының, зат құрамының негізі және «әрқайсысындағы алғашқы қозғалыстың көзі» болатын болса, екінші жағынан, табигат өздігінен өмір сүретін заттардың мәні, «табигат» дегеніміз – форма және мән. Аристотельдің пікірінше, философияның пәні жалпы бола тұрса да, ол же-келенген заттардың (құрамды мәндері) — статуя, мемлекет, т. б. түсіндіре білуі керек¹. Же-келенген заттардың болмыстығын сезім арқылы білсек, жалпының болмыстығы ой арқылы ашылады. «Метафизикада» және басқа да еңбектерінде Аристотель заттарды табигатын түсіндірудің төрт түрлі себептерін көрсетеді; материалды себеп, формальды себеп, өндіргіш себеп, мақсатты себеп. Мысалы: үй салудың бастамасы — құрылым өнері, мақсаты, материясы (тас, кірпіш немесе жер), формасы (ұғым). Аристотельдің пікірінше, заттың мәнін түсіндіруде осы аталған себептердің бәрі бірдей қамтылуы қажет. Жез мүсіннің мәнін түсіну үшін, әрине ең алдымен оның субстраты (материясы) алып қарастыру керек. Бірақ, тек жездің өзінен, мүсіннен, эстетикалық сезім қалай туатынын түсіну киын. Сондықтан зерттеуді ері қарай жалғастыра білуге тұра келеді.

Осыдан келіп: Мүсіннің мүсін болуы неліктен? — деген сұраққа Аристотель: формадан, — деп жауап берді. Аристотель философиясында форма заттың мәні әрі іс-эрекеттің көзі болып табылады. Аристотель өзінің форма мен материя жөніндегі ілімінде олардың өзара байланысын ашып, бұл жөнінде маңызды диалект пікір ұсынды. Алайда Аристотельдің идеялистік көзқарасы мұнда да анғарылады: ол — материя дәрменсіз, формаға тәуелді деп түсіндірді. Formasız материя өмір сүріп, тұтастыққа ие бола алмайды. Сонымен Аристотель форманы алуан түрлі мазмұны бар (тұр, себеп-мақсат, құдірет) белсенді және творчестволық бастама деп сипаттайды².

Аристотельдің ілімін дамыттып, дүниеге танытқан ұлы шекірттерінің бірі ұлы жерлесіміз — Әбу Наср әл Фараби болды. Аристотельдің философиясы орта ғасыр мен жаңа дәуірде қазіргі батыс философиясында талқылауға түсті, әр кезеңде ойшылдар өзінше түсінуге және өзінше түсіндіруге де тырысты. Алайда оның мұралары адамзаттың ақыл-ойына өлмес азық бола берері анық.

¹ Әбішев Қ., Философия. — Алматы, 2001.

² Эбжанов Т. Ү., Қысқаша философия тарихы. — Алматы, 2006.